Тексерілді:

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Топ:** Кіші топ «Айгөлек»
**Балалардың жасы:** 2 жас
**Қандай кезеңге жасалды :** 05.01– 09.01.2026ж І-ші апта
Апта дәйек сөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|
| | **ҚР әнұраны** | | | |
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – ұлттық өнерді құрметтеуге үйрету.* ***«Бөзінген»*** | *Күй күмбірі – туған жерді сүюге жетелеу* ***«Шалқыма»*** | *Күй күмбірі – ұлттық мақтаныш сезімін ояту.* ***«Ақ жауын»*** | *Күй күмбірі – ата-баба мұрасын қастерлеуге баулу* ***«Кероғлы»*** |
| | *Баланы есімімен атап, жылы қарсы алу.*<br>*Қолынан ұстап, топқа ертіп кіру.*<br>*Жұмсақ ойыншық беріп, көңілін бөлу.*<br>*Ата-анасына қысқа ғана жылы сөз айту.* | *Баланы күлімсіреп қарсы алу.*<br>*«Сәлем, балақай!» деп қысқа амандасу.*<br>*Баланы үстел үсті қарапайым ойындарға (кубик, пирамидка) бағыттау.*<br>*Анасымен жылы қоштасуға жағдай жасау.* | *Баланы сабырлы үнмен қарсы алу.*<br>*«Бүгін біз ойын ойнаймыз» деп мотивация беру.*<br>*Достарына жақындастыру, бірге ойнауға бағыттау.*<br>*Ата-анасына қысқаша жылы қоштасу сөзі.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу.*<br>*Баланы сурет бояуға немесе үстел үсті ойынға бағыттау.*<br>*Аптаның соңында «сен батыл болдың» деп қолдау білдіру.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы туралы кеңес беру.* | | | |
| | ***Әңгімелесу: Табиғатқа қамқорлық – тәрбие негізі***<br>*Кеңес: Балаңызға гүлге су құюды, қоқысты қоқыс жәшігіне тастауды үйретіңіз.* | ***Әңгімелесу: Үйді таза ұстау – жақсы әдет***<br>*Кеңес: Балаңызға ойыншықтарын орнына жинауды көрсетіп, бірге жасаңыз.* | ***Әңгімелесу: Жануарларға мейірім***<br>*Кеңес: Мысық пен күшікті жақсы көруге, оларды ұрмауға үйретіңіз.* | ***Әңгімелесу: Достық пен бөлісу***<br>*Кеңес: Ойыншықты досына немесе бауырына беруді үйретіп, бөліссең қуанышты болатынын түсіндіріңіз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығарма шылық, эксперимента л дық, еңбек, қимыл, бейне леу, дербес және басқалары) | ***Картотека № 21 Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?***<br>***Мақсаты:*** *Сурет бойынша қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айта алады.* | ***Картотека №16 Айырмашылығын тап»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету;* | ***Картотека № 4 Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?»***<br>***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы айта алады.* | ***Картотека №14 Қонжықтар.***<br>***Міндеті:*** *Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыру.* |
| | ***Коммуникативтік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Қаңтар айының 1-аптасына арналған* | *Қаңтар айының 1-аптасына арналған* | *Қаңтар айының 1-аптасына арналған* | *Қаңтар айының 1-аптасына арналған* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *таңғы жаттығу кешені.* | *таңғы жаттығу кешені.* | *таңғы жаттығу кешені.* | *таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | |
| | ***Әңгіме:***<br>*– Балалар, су ішсек шөліміз қанады, ас жесек күш аламыз. Ас құрамында дәрумен бар, ол бізді мықты қылады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Суды төкпейміз, орнымыздан жүгірмейміз. Ас ішкенде тыныш отырамыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Сүт сүйегімізді қатайтады, ет күш береді, жеміс пен көкөніс дәруменге толы. Дәрумендер бізді сау қылады.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Жемістерді жуып барып жейміз. Ас үстінде ойнамаймыз.* | ***Әңгіме:***<br>*– Ас ішсек ойнаймыз, жүгіре аламыз. Дәрумендер бізді сергек етеді. Сондықтан асты төкпей жеген дұрыс.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Асымызды асықпай шайнаймыз, қақалып қалмау үшін.* | ***Әңгіме:***<br>*– Су да, ас та – денсаулыққа пайдалы. Дәрумендер бізді мықты қылады. Асты да, суды да қадірлейік.*<br>***Қауіпсіздік:***<br>*– Ыдысты абайлап ұстаймыз. Ас ішіп болған соң орнымыздан жай тұрамыз.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Шабыт» жобасы***<br>***Ойын: «Арман қанаты»***<br>*Тәрбиеші: «Қане, бәріміз құстай ұшайық! Егер сенде қанат болса, қайда ұшар едің?» дейді. Балалар: «Анашымның қасына», «Орманға», «Күнге».* | ***«Смарт бала» жобасы***<br>***Ойын: «Суретті тап»***<br>*Тәрбиеші үш сурет көрсетеді: алма, банан, орындық. «Жемісті көрсет!» дейді.*<br>*Балалар дұрыс суретті таңдайды.*<br>*Мақсаты: ойлау қабілетін, есте* | ***«Балалар кітапханасы» жобасы***<br>***Ойын: «Кітапты табайық»***<br>*Тәрбиеші сөреге кітаптар қояды. «Қызыл кітап қайда?» дейді.*<br>*Балалар қызыл түсті кітапты көрсетеді.* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы***<br>***Ойын: «Дастархан жаямыз»***<br>*Тәрбиеші дастархан суретін салып, қасық, тәрелке ойыншықтарын береді.*<br>*Балалар оны ретімен қояды.* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты: қиялды дамыту, ойын еркін айтуға үйрету.* | *сақтауды дамыту.* | *Мақсаты: кітапқа қызықтыру, түсті ажырату.* | *Мақсаты: еңбекті бағалау, ұқыптылыққа тәрбиелеу.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | ***«Біз табиғат қорғаушылармыз!» - экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында кіріктірілген ұіә.*** <br> ***«Smart bala» жобасы - «Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам. Балалармен зерттеу жұмысы.*** | | | |
| | ***Қызығушылықты ояту*** <br> *Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге ертегілер мен ғажайыптарға толы қысқы орманға серуендеуді ұсынамын! Менімен саяхаттағыларың келе ме?* <br> *Біз не істеуді ұмыттық?* <br> *Балалар: Киінуді.* <br> ***Дид ойын:«Балалар киінеді»*** <br> *Балалар үстелге келеді, оның үстінде киімдердің суреттері жайылған. Оның ішінде тек қысқы* | ***Эксперименттік бөлім.*** <br> ***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»*** <br> ***Тәжірибе №1 ҚАР ЕРІУ*** <br> ***Шарты:****Қардың қандай қасиеті бар екенін анықтау (қардың түсі, иісі, ұстау арқылы).* <br> *Балаларға қардың кез келген жылу көзінен еритіндігі туралы түсінік беру.* <br> *Жұмыс барысы: қарды, жылы жерге, үй ішінде және т.б. Топқа әкелінген қарды бассейнге салады.* | ***Таңғажайып сәт.*** <br> *Қар Ханшайымының сәлемдемесі.* <br> ***Сиқырлы сандықша. Сандықша ашылу үшін жұмбақ жасыру.*** <br> ***Дид ойын: «Кім жылдам?»*** <br> *Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады.****(Қар)*** <br> *Сандықшадан шыққан тапсырмаларды орындау.* <br> ***Ой дамыту*** <br> ***1 тапсырма*** <br> *Мнемо кестемен жұмыс* | ***Қызығушылықты ояту.*** <br> *– Балалар білесіңдер ма, кеше бәрің үйге қайтып кеткенде, біздің топтағы кірпі қатты ренжіді. Ол маған баладрдан күн сайын жылдың осындай қызықты және тамаша мезгілі - қыс туралы еститінін, бірақ ол қысты ешқашан көрмегенін, кірпі сіздің қыстың әдемі ағаштары туралы айтқаныңызды бірнеше рет естігенін және кірпі мен де оларға* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *киімнің суреті таңдалып, киімдер магниттік тақтада белгілі бір реттілікпен көрсетіледі.*<br>*Тәрбиеші: Балалар айтыңдаршы орманға қалай тез жетеміз?*<br>*Бірақ бізде балабақшада көлік жоқ, сонда орманға қалай жетуге болады?*<br>*Балалар: шана, шаңғы…*<br>*Мен сендерге шаңғымен қысқы орманға баруды ұсынамын.*<br>*Балалар мен тәрбиеші шаңғы тебуге еліктейді.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Тәрбиеші: Балалар, енді бастарыңды көтеріңдер, қараңдаршы, не көріп тұрсыңдар?*<br>***Балалар: Бұлт.***<br>*Тәрбиеші: Басыңа* | *Бірте-бірте ол ериді, алдымен борпылдақ болады, содан кейін суға айналады.*<br>***Қорытынды:***<br>***Қар кез келген жүйеден келетін жылы ауадан еритіндігін балаларға түсіндіру.***<br>***Тәжірибе №2 Қардың суын ішуге бола ма?***<br>***Мақсаты:*** *Ең таза болып көрінетін қардың да ағын судан да лас екенін көрсету.*<br>***Жұмыс барысы:*** *Біз екі жеңіл пластинаны аламыз: біріне қарды саламыз, ал екіншісіне кәдімгісін кран суын құямыз. Қар ерігеннен кейін плиталардағы суды қараймыз. Салыстырайық және олардың қайсысында қар болғанын біліңіз (төменгі жағындағы қоқыспен және қайсысында ағынды су анықтаймыз*<br>*Қайсысы құйылған* | *Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*- Қыс мезгілі.*<br>*Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?*<br>*- Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.*<br>*Қыс мезгілінде қалай киінеміз?*<br>*- Тон, малақай, етік, шалбар, жейде, қолғап, мойынорағыш, баскиім киеміз.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Боран соғар оң жақтан,*<br>*Боран соғар сол жақтан.*<br>*Қар лақтырып ойнасақ,*<br>*Суық өтер қолғаптан.*<br>***2-тапсырма.***<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Шарты: Қысқы киімдерді құрастыру.*<br>***Дыбыстық жаттығу:*** | *қарағым келеді диді.*<br>***Ой қозғау.***<br>*-Балалар, қалай ойлайсыңдар, кірпіге көмектесеміз бе? Кірпі мұңаймауы үшін және оның арманы орындалу үшін не істей аламыз? Қысқы ағаштардың суретін салып, кірпіге бере аламыз.*<br>*- Жұмысты бастамас бұрын ағаштың қандай бөліктерден тұратынын айтайық, ағашты қандай түспен саламыз, қандай сурет салу әдістерін білетінімізді еске түсіріп,*<br>***Практикалық бөлім***<br>*Дәстүрден тыс мақта таяқшасы арқылы сурет салу. Енді кірпінің көңіл-күйі көтеріледі, ол біздің сыйлықтарымызға* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *қандай бұлт ілініп тұр. Ал қыста бұлттан не түсуі мүмкін деп ойлайсыңдар?*<br>***Балалар: Қар.***<br>*Педагог бұлтты тартады, қар бүршіктері ұшады.*<br>*Тәрбиеші: Неткен сұлу, ұстаңдар. Оны қолыңа алып, оның не екенін айтшы?*<br>*Балалар: Ақшақар. олар қандай?*<br>*Ақ, үлпілдек, жеңіл, өрнекті.*<br>*Енді қар бүршіктерін лақтырып, ұстап алайық,*<br>*Балалар, қар бүршіктері не істей алады?*<br>*Балалар: Ұшады, айналады,*<br>*Тәрбиеші: Ой, балалар, қараңдаршы, шыршаның астына қанша қар жауды!*<br>*Балалар шыршаға жақындайды,* | *күйінде таза қалды*<br>***Қорытынды: Қар лас, еріген су, адам ішуге жарамсыз. Бірақ еріген суды өсімдіктерді суаруға, жануарларға ішуге пайдалануға болады.***<br><br>***Тәжірибе №3***<br>***Қарды бояулармен түстендіруге бола ма?***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға қарды бояуға болатынын көрсету.*<br>*Жүргізілу барысы:Әр балаға стақанға қар саламын, тәжірибе жасай отырып, балалар қарды түрлі түске бояуға болатынына көз жеткізді.*<br>*Қортынды: Тәжірибе соңында топтың жанына түрлі-түсті қар төгіледі, ал мұздағаннан кейін түрлі-түсті мұздар алуға болатынын көрсету.* | *Ыс-ыс-ыс-келді қыс.*<br>*Ғы-ғы-ғы-шаңғы.*<br>*Ақ-ақ-ақ-аққала.*<br>*Қа-қа-қа-қар.*<br>*Ық-ық-ық-суық.*<br>***3- тапсырма:*** *Менің мына тапсырмаларымды орындасаңдар қысқы ойындар шығады, сендер сол ойындарды менің қыс мезгілімде ойнайсыңдар*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>*Қар суретінің артындағы суреттерді құрастыру.*<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>***1-топ***<br>*Шаңғының суретін бояу.*<br>*Сипаттама беру*<br>***2-топ***<br>*Шананың бөліктерін жапсыру.*<br>*Сипаттама беру.*<br>***3-топ***<br>*Аққаланың қалпағын мүсіндеу.* | *өте риза болады.*<br>***Ой дамыту.***<br>*- Иә, балалар, қыс мезгілі жылдың өте әдемі мезгілі. Қыс туралы тақпақтар білеміз бе?*<br>***Уақыт мол бөлеміз, Қыс қызығын көреміз. Сары аязға шыңдалып, Шымыр болар денеміз.***<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Дид ойын: «Жол іздегіштер»***<br>*- Балалар, аң жүгіріп өткенде қарда не қалады?* ***(Іздер.)***<br>*- Орманда көптеген жануарлар мекендейді, олар қанша із қалдырды, нағыз жануарлардың іздерін осы жерден іздейік. Мына суретті құрастырсақ көптеген іздерді және жануарларды көреміз* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *педагог бір шелек қар шығарады. Балалар қарға алақандарын тигізеді.*<br>*Тәрбиеші: Қараңдаршы, бұл не?*<br>*Балалар: Ақ, жеңіл, жұмсақ, суық, үлпілдек.*<br>*Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар, қар неден тұрады?*<br>*Балалар: Қар түйіршіктерінен.*<br>*Тәрбиеші: Ал енді алақандарыңызға қар алыңыздар.*<br>*Міне екі әдемі қар бүршіктері.қолды жұмамыз.*<br>*Тәрбиеші: Балалар алақандарыңды ашыңдар (қар жоқ). Қар қайда кетті?*<br>*Балалар: еріп кетті.*<br>*Тәрбиеші: Неліктен?*<br>*Балалар: Алақанымыз жылы.*<br>*Тәрбиеші: Қолымыз жылы, сондықтан қар бірте-бірте ериді.* | ***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Амандасу.***<br>***Ойын:«Әткеншек».***<br>*Әрең, әрең, әрең ,*<br>*Әткеншектер айналды.*<br>*Содан кейін бәрі,*<br>*Жылдам, жылдам,*<br>*Шыр көбелек айналды.*<br>*Ақырын, ақырын, асықпашы,*<br>*Әткеншегім, тоқташы.*<br>*1-2, 1-2, міне, осымен*<br>*Ойын бітті.*<br>*Бір қарқында қимылдауға назар аударады*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Б.қ.: «Торғай ұшты»***<br>***1.*** *Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик- чирик» деп айту. / 5 рет* | *Аққала қандай пішіндерден құралған?*<br>***Б.Жақып***<br>***«Сырғанақ»***<br>***-Өлең мазмұнын ашу.***<br>*Біз тебеміз сырғанақ*<br>*Таудан төмен сырғанап*<br>*Бір шанада екеуміз*<br>*Құламайды екенбіз..............*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Амандасу.***<br>***Ойын:«Әткеншек».***<br>*Әрең, әрең, әрең ,*<br>*Әткеншектер айналды.*<br>*Содан кейін бәрі,*<br>*Жылдам, жылдам,*<br>*Шыр көбелек айналды.*<br>*Ақырын, ақырын, асықпашы,*<br>*Әткеншегім, тоқташы.* | ***Балаларды мадақтау.***<br>***Қортынды.***<br>*Тағы да қыс түсті де,*<br>*Тон жамылды қырқалар.*<br>*Қайың, терек үстіне*<br>*Қона қалды ұлпа қар.*<br>**. Ұ.О:**<br>***«Асық ату» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ***Музыка***<br>*Пән жетекшісінің жоспары бойынша*<br><br><br><br>. **Ұ.О: «Ақсерек-көксерек»**<br>***«Арқан тартыс» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | *қайталау/*<br>***Б.қ.: «Мотор»***<br>***2.*** *Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Гүлдің ашылуы»***<br>***3***. *Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. (5- рет қайталау.)*<br>***Б. қ.: «көңілді пингвин»***<br>***4.***Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру./10-15секунд/*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*«Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.* | *1-2, 1-2, міне, осымен Ойын бітті.*<br>*Бір қарқында қимылдауға назар аударады*<br>***Негізгі бөлім***<br>***Жалпы даму жаттығулары***<br>***Б.қ.: «Торғай ұшты»***<br>***1.*** *Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен-жоғары бұру; «Чик-чирик» деп айту. / 5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Мотор»***<br>***2.*** *Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Гүлдің ашылуы»***<br>***3***. *Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* *Негізгі жаттығуларды орындау:* ***1.Имектелген жолмен (имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына өту.*** ***2.Допты кеуде тұсынан екі қолмен лақтыру.*** *Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады.* *Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт».* *Көпірді біз саламыз, Мәшине мен адамдар, Өзеннен өтсін қиналмай. Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз. Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.* | *ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу.* ***Б. қ.: «көңілді пингвин»*** ***4.***Өкшелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру./10-15секунд/* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.* *Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* *Негізгі жаттығуларды орындау:* ***1.Имектелген жолмен (имектеліп қойған жіп) алаңның қарсы жағына өту.*** ***2.Допты кеуде*** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **. Ұ.О: «Ханталапай» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** | ***тұсынан екі қолмен лақтыру.*** *Қолды жылдам созып жіберуге назар аудартады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көпірден еңбектеп өт». Көпірді біз саламыз, Мәшине мен адамдар, Өзеннен өтсін қиналмай. Ойын ойнайтын ортаны құрастырамыз – жіптермен өзенді, гимнастикалық тақтайшаны судан өтетін көпір деп бейнелейміз. Көпірмен еңбектеп өтіп, келесі жағалауға өтуді ұсынады.* **. Ұ.О:** ***«Теңге ілу» Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»*** | |
| Серуенге дайындық | ***Еңбегі адал жас өрен - мақсаты: өзіне өзі қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп* | *Серуенге шығу туралы балаларға* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Картотека № 5 Бұршақты бақылау.*** | ***Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау.*** | ***Картотека № 16 Аязды бақылау.*** | ***Картотека № 20 Қарды бақылау*** |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Қыс серуен картотекасынан*** | | | |
| Серуеннен оралу | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасау.* | | | |
| | *Балаларға реттіліkпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстау.* | *Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін үйрету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* | *Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру. жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру.* | *Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Түскі асқа дайындық.* |
| Түскі ас | *Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдалану, шашпай жуыну* | | | |
| | ***Әңгіме:*** *– Асымызды ішіп болған соң «Рахмет!» дейміз. Бұл – әдепті баланың белгісі.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ас ішіп болған соң ыдысты абайлап қоямыз, жүгірмейміз.* | ***Әңгіме:*** *– Ас пен су – денсаулығымызға керек. Дәрумендер бізді мықты қылады. Денсаулығымыз болса, ойнап-күле аламыз.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыстық асты үрлеп ішеміз, күйіп қалмау* | ***Әңгіме:*** *– Ас ішіп отырғанда ойнамаймыз, шуламаймыз. Тәртіп сақтасақ, бәрімізге жақсы болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ауызда ас тұрғанда сөйлеспейміз,* | ***Әңгіме:*** *– Су да, ас та – бізге берілген сый. Оны төкпей ұстайық, тауысып жейік. Сонда бәріміздің денсаулығымыз жақсы болады.* ***Қауіпсіздік:*** *– Ыдысты дұрыс* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *үшін.* | *қақалып қалмау үшін.* | *ұстаймыз. Ас ішіп болған соң жай тұрамыз.* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру.* | *Ұйқыға дайындық кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту. Өз төсегін ашып жатуға кеңес беру.* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау* |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | ***№14. 1.Ояну*** *Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.* | ***№16 1.Ояну*** *Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар* | ***№13. 1.Ояну*** *Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.* | ***№ 12. 1. Ояну*** *Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз* |
| | ***Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру. «Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу. Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | |
| Бесін ас | ***Үнемді тұтыну мақсаты: суды үнемді пайдаланып, жуыну ережелерін түсіндіру.*** | | | |
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Аста столда дұрыс отыру, досатрына кедергі жасамау.Тамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | ***«Суретші қай жерде қателесті?»Мақсаты:*** *Балалардың ойлау* | ***Мнемо кестемен жұмыс.*** *Қыс мезгілі туралы* | ***Дид ойын. «Аңдарды табайық» Мақсаты:*** | ***«Бұны қай кезде киеді?»Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | *қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.* <br> ***«Жол ережесі»*** <br> ***«Көлік түрлері»*** <br> *Ойын барысы: Үстелде көліктің түрлері бейнеленген карточкалар орналасқан. Әр бала көлік құралының суреті бар картаны таңдайды. Ол суретін қарап, онда қандай көлік түріне көрсетілгенін ойлайды.* <br> *Педагогтың белгісі бойынша жолаушылар көлігі түрінің суреті бар балалар шығады. Олар оларды атайды. Содан кейін жүк көлігі мен арнайы көлік түрі бар балалар шығады.* | *түсіндіру.* <br> *-Қазір қандай мезгіл?* <br> *-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?* <br> *-Несімен ұнайды?* <br> *Қандай ойын түрлерін білесіңдер?* <br> ***Сергіту сәті. «Боран» Сергіту сәті.*** <br> *Боран соғар оң жақтан,* <br> *Боран соғар сол жақтан,* <br> *Қар лақтырып ойнасақ,* <br> *Су өтеді қолғаптан.* <br> **Қауіпсіздік ережесі: «Теңізде жүзу»** <br> Мақсаты: Балаларды теңізде, өзенде шомылу кезінде жазатайым оқиғалардың алдын алыңыз. | *Суреттегі жануарларды аж* <br> **Өрт қауіпсіздігі: «Телефондағы диалогтар»** <br> Мақсаты. Балаларды телефонда нөмірді дұрыс теруге және сұрақтарға нақты және нақты жауап беруге үйрету. <br> Білімділік мақсаты: балаларға телефонмен, соның ішінде жедел жәрдем қызметімен сөйлесудің жалпы қабылданған ережелерін есте сақтауға көмектесу. <br> Ойынның барысы. Балалар кезек-кезек жедел жәрдем телефондары бар карталарды таңдайды:01, 02, 03, | *қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларынмолайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.* <br> ***Дене тәрбиесі*** <br> ***Кіріспе бөлім.*** <br> ***Амандасу*** <br> ***Қызығушылықты ояту*** <br> *Күнге көңіл аудартады: «Бізге бүгін шұғыласын төгіп, күн қонаққа келді»* <br> *Таспамен жүру және жүгіру – қолында күннің сәулесі.* <br> *Балалар белгі бойынша бағыттарын өзгертеді. Таспаны қолға ұстап жүру және жүгіру.* <br> *Берілген белгі бойынша балалар бағыттарын өзгертеді.* <br> *Неггізгі бөлім* <br> *Таспамен* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Құрал-жабдықтар: Ойыншықтар (жерге төселген) - әр жұп балаларға арналған.Музыкалық өңдеу. «Теңіз дыбысы» аудиожазбасы.<br><br>Ойын барысы: Суға түсер алдында балалар бірнеше гимнастикалық жаттығулар жасайды.«Суға кіру» олар екі-екіден бөлінеді (біреуі ересек адамның, екіншісі - баланың рөлін ойнайды) және қол ұстасады. «Бала» аузын, көзін жауып, бетін қиялдағы суға түсіреді. Біраз кідірістен кейін ол бетін көтереді. Мұғалім аузыңызды жауып қана бетіңізді суға түсіре алатыныңызды ескертеді.Содан кейін «бала» келесі | 04.<br><br>Мұғалім төтенше жағдайдың астарын 3-4 сөйлеммен айтып береді және балаға нақты жағдайға байланысты ойыншық телефон арқылы сол немесе басқа қызметке қоңырау шалу туралы тапсырма береді.<br><br>Тапсырма орындалды деп есептеледі, егер баланың әңгімесінен осы немесе басқа қызмет қайдан және қандай мақсатта келуі керек екенін түсіну мүмкін болса.Кезекшінің рөлін мұғалім атқарады.*ыратуға үйрету.* | *жасалатын жалпы дамыту жаттығулары:*<br>***1.Б.қ** : түрегеп тұрады, таспаның бір ұшын қолымен ұстап тұрады. Таспаны алға және артқа сермейді. Бірнеше рет қайталағаннан кейін, (4–6) таспаны екінші қолға ауыстырып жаттығуды қайталайды.*<br>***2.Б.қ**: аяқтарын бірге қосып отырады, таспаның екі ұшынан екі қолымен ұстайды. Алға қарай еңкейеді. Таспаны аяқтарының ұшына қояды, түзеледі, қолды жоғары көтеріп оған қарайды. Тәрбиешінің нұсқауымен алға қарай еңкейеді, таспаны алады. (3-4рет)*<br>***3.Б.қ** : шалқасынан жатады, таспаны алға қарай созылған* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | жаттығуларды орындайды: шалқайып отыру («судың астында басы айналады»), өзіне 5-ке дейін санайды, тұрады; ойыншықты «түбінен» шығарады; «суға» соққылар; «судың» астында тез дем шығарады.Екі-екіден балалар рөлдерді ауыстырады. | | *қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқты бір мезетте таспаға дейін көтеріп, сосын қайта түсіреді. Аяқты созып та, бүгіп те көтеруге болады. (3-4рет).*<br>***3.Б.қ** : таспаны алға қарай созылған қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқпен бір мезетте секіреді. (10-15 сек)*<br>*Бірінің соңынан бірі баяу жүру. Таспаны өз орнына апарып қою.*<br>*Негізгі қимыл түрлері:*<br>***1.Көлбеу тақтайшамен жоғарыға, төменге қарай жүру.***<br>*Тепе-теңдікті сақтауға назар аударады. Қажет кезінде сақтық шарасын көрсетеді.*<br>***2.Допты жоғарыға*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ***және тор немесе керілген таспа арқылы алға қарай лақтыру.***<br>*Нұсқау – допты бастан асыра жоғарыға лақтыру, қолды жылдам түзету.*<br>*Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы құстар»*<br>*Залдың бір жағына бала санына есептеліп шеңберлерді орналастырады, педагог құстарды топтың әр шетіне барып қоректенеді.Бұдан кейін ол: «Абайлаңдар, мысық!» – деп дауыстайды. Құстар өз ұяларына ұшып кетеді. Бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер бойымен жүру.* |
| Балалармен | ***«Суретші қай жерде*** | ***«Құстарға көмек*** | ***«Кімге не керек»*** | ***«Экологиялық*** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жеке жұмыс | ***қателесті?»*** ***Мақсаты:*** *Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады.* | ***береміз»*** ***Мақсаты:*** *Балалар Құстарды атап, өз ойын айта алады.* | ***Ойынның мақсаты:*** *Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып атай алады.* | ***бағдаршам»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды табиғат сұлулығын көріп, оны қорғай білу туралы түсінеді* |
| Серуенге дайындық | ***«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*** | | | |
| | ***Киім:*** *Киімін киіп болған соң түймесін қадауға көмектесу.* ***Қауіпсіздік:*** *Далада абайлап жүруді түсіндіру.* | ***Киім:*** *Балаларға бас киімін дұрыс киюді еске салу.* ***Қауіпсіздік:*** *Серуен кезінде тәрбиешінің қасында жүруді үйрету.* | ***Киім:*** *Аяқ киімді киіп болған соң ұқыпты жүре білуге баулу.* ***Қауіпсіздік:*** *Шалшыққа түспеу, ластанбауды үйрету.* | ***Киім:*** *Киімін кию кезінде сабырлы күтуге, кезекпен киінуге дағдыландыру.* ***Қауіпсіздік:*** *Серуенде тәртіп сақтап, қатармен жүруді бекіту.* |
| Серуен | ***Картотека № 17*** *«Күзгіқұстардыңтіршілігінбақылау»* | ***Картотека № 21*** *Ауа-райынбақылау.* | ***Картотека № 23*** *Күндібақылау.* | ***Картотека № 24*** *Күзгікөріністібақылау.* |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* | | | |
| Серуеннен оралу | «Еңбегі адал –жас өрен»- баланы еңбекке баулу, өз-өзіне қызмет етуге үйрету.Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Кешке асқа дайындық. | | | |
| Кешкі ас | *Балалардың беті қолын жуып, кешкі асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Асқа бата* | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *беру.Астан соң беті – қолды жуу.* | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | *«Затты сипаттау» Мақсаты :Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту,қоршаған орта жәйлі танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту.* | ***«Көжекті жасыр» Мақсаты:Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету.*** | *«Балықты ұста» Мақсаты:Балаларға заттың түсін дұрыс ажыратып ,атай білуге үйрету.* | *«Допты қуып жет» Мақсаты:Тәрбиеші балаға доп салынған кәрзенкені көрсетеді де баланың бір жағында өзімен бірге қатарласып тұруды ұсынады.Одан кейін кәрзенкеден доптарды алып, балалардан алысқа әр жаққа лақтырады.* |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Өнегелі-15 минут. Қауіпсіздік ережесі – ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.*** | | | |
| | *Бүгін балалар қолдарын бояуға малып сурет салды. Шығармашылық қабілетін көрсетті. Үйде саусақпен сурет салуға жағдай жасаңыз.* | *Бүгін балалар жануарлардың дауысын салып ойнады. Қиялы мен еліктеу қабілетін дамытты. Үйде «мысық қалай дыбыстайды?» ойынын ойнау пайдалы.* | *Бүгін балалар қимылды ойын ойнады (жүгіру, секіру). Қозғалыс белсенділігін дамытты. Үйде «қоян секірсін», «құстай ұшсын» ойынын ойнауға болады.* | *Бүгін балалар суреттерден жемістерді таныды. Оларды атауға және ажыратуға үйренді. Үйде жемістерді көрсете отырып, атын қайталау пайдалы.* |

Тексерілді:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Қаңтар айы ІІ-ші апта

**Топ:** Кіші топ «Айгөлек»

**Балалардың жасы:** 2 жас

**Қандай кезеңге жасалды :** 12. 01– 16. 01.2026ж

Апта дәйек сөзі: « Тәртіп –тәрбие бастауы, тәртіпсіздік-өміріңнің қас жауы»

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі**<br>ҚР әнұраны | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Күй күмбірі – ұлттық мақтаныш сезімін ояту. «Балқаймақ»* | *Күй күмбірі – туған жерді сүюге жетелеу. «Көңіл ашар»* | *Күй күмбірі – ұлттық болмысты құрметтеуге үйрету «Ақ жауын»* | *Күй күмбірі – ұлттық құндылықты құрметтеуге үйрету. «Саржайлау»* | *Күй күмбірі – ұлттық мәдениетті құрметтеу. «Саржайлау»* |
| | *Баланы есіктен кіргенде жылы күлімсіреп қарсы алу.*<br>*Қолынан ұстап, «Қош келдің, балақай!» деп айту.*<br>*Баланы музыка әуенімен қимыл ойынына тарту.*<br>*Ата-анасына қысқаша жылы қоштасу сөзі.* | *Баланы қуыршақ театры кейіпкерімен қарсы алу.*<br>*«Сәлем!» деп қуыршақпен амандасу.*<br>*Баланы кілемшеге отырғызып, шағын топ ойындарына қосу.*<br>*Баланың көңіл-күйін бақылау.* | *Баланы есімімен атап қарсы алу.*<br>*Баланы құм немесе сенсорлық ойыншықтармен ойнауға тарту.*<br>*Ата-анасына жылы қоштасу ұйымдастыру.* | *Баланы есік алдында құшақтап қарсы алу.*<br>*«Кел, бірге ойнайық» деп сенім беру.*<br>*Баланы үстел үсті пішіндер мен түстерді сәйкестендіруге бағыттау.* | *Баланы көңілді қимыл ойынымен қарсы алу*<br>*«Жарайсың, сен батылсың» деп сенімділік беру.*<br>*Баланы доппен немесе қарапайым қимыл ойынына тарту.*<br>*Апта қорытындысында «сен бүгін жақсы ойнадың» деп мақтау.* |
| Ата- | ***Өнегелі 15 минут – ата-анаға бала денсаулығы, тәрбиесі туралы кеңес беру.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | ***Әңгімелесу: Денесаулығы – ең басты байлық*** *Кеңес: Балаңызды күнде таза ауаға шығарып, серуендетіңіз. Серуен кезінде «Таза ауа – денсаулыққа пайдалы» деп түсіндіріңіз.* | ***Әңгімелесу: Үнемшілдікке үйрету*** *Кеңес: Су мен нанды төгіп-шашпау керегін айтыңыз. «Нанды жерге тастамау керек, ол – қасиетті ас» деп көрсетіңіз.* | ***Әңгімелесу: Қауіпсіздік – әрқашан маңызды*** *Кеңес: Ыстық пешке, қайнаған шәйнекке жақындауға болмайтынын түсіндіріп, «Ыстық – күйіп қаласың» деген сөзді қайталатыңыз.* | ***Әңгімелесу: Ізеттілік – жақсы әдет*** *Кеңес: Балаңызға «Сәлем», «Рахмет», «Өтінемін» деген сөздерді үйретіп, күнделікті қолдануға дағдыландырыңыз.* | ***Әңгімелесу: Табиғатты қорғау – болашаққа қамқорлық*** *Кеңес: Серуен кезінде жердегі қағазды, бөтелкені көрсеңіз, қоқыс жәшігіне тастауды көрсетіңіз. «Табиғатты таза ұстасақ, бәрімізге жақсы» деп айтыңыз.* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив тік, шығармашылық, эксперимент алдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***«Қоянға көмектес.»*** ***Ойын мақсаты****:* *Заттарды пішініне қарай ажырата алады.* ***Ойын шарты****:* *Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздеріңді жұмыңдар, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына текшелер қояды. Балаларкөздерінашқандақандайтекшетұрғанынайтыпберулерің керек.* | ***Тақпақ үйрету*** *Бір үйде біз нешеуміз?*<br>*Кел, санайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым – атам,*<br>*Балан үйрек – апам,*<br>*Ортан терек – әкем,*<br>*Шылдыр шүмек – анам,*<br>*Кішкентай бөбек – мен.*<br>*Біз үйде нешеуміз?*<br>*Біз үйде – бесеуміз.* | ***«Үйжануарлары»*** ***Ойынмақсаты****: Үй жануарларының дене мүшелерін атау.* ***Ойыншарты****:* *Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атау, олар туралы мейірімді сөздер айту.Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.) Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.) Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.)* | ***«Жаңғақтармен ойын»*** ***Ойын мақсаты:*** *Балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.* | ***Дидактикалық ойын: «Ұяшыққа орналастыр»*** ***Мақсаты:*** *екі түрлі пішінді заттың әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйренеді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ертеңгілік жаттығу | *Қаңтар айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау.*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген* | | | | |
| Таңғы ас | ***Үнемді тұтыну - Суды, тамақты үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін ескерту*** | | | | |
| | *Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.* | *Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.<br>Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | *Таңғы асқа отыру.<br>Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* | *Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | ***«Қамқор» жобасы<br>Ойын: «Жылаған қуыршақ»***<br>*Тәрбиеші: қуыршақты қолына алып, жылайды. «Қуыршақ жылап қалды, не істейміз?» дейді.*<br>*Балалар қуыршақты жұбатады:* | ***«Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>Ойын: «Кір жуған аю»***<br>*Тәрбиеші: «Аю кір жууға кірісті, кәне бәріміз бірге жууға көмектесейік» дейді.*<br>*Балалар қолдарымен жуу, сығу, ілу қимылдарын жасайды.*<br>***Мақсаты:*** | ***«Смарт бала» жобасы<br>Ойын: «Сиқырлы қапшық»***<br>*Қапшыққа бірнеше зат салынады (доп, қасық, машина).*<br>*Бір бала қолын салып, затты ұстап көреді. «Бұл не?» деп табуға тырысады.* | ***«Балалар кітапханасы» жобасы<br>Ойын: «Ертегі қонағы»***<br>*Тәрбиеші: қоян маскасын киіп: «Мен кіммін?» дейді.*<br>*Балалар: «Қоян!» деп жауап береді.*<br>*«Қай* | ***«Шабыт» жобасы<br>Ойын: «Сиқырлы айна»***<br>*Тәрбиеші: «Мен айнамын, сендер маған қимыл көрсетесіңдер, мен қайталаймын».*<br>*Балалар бір қимыл жасайды (секіреді, қол сермейді). Тәрбиеші айна сияқты қайталайды. Кейін рөл ауысады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *құшақтайды, сипайды, «Жылама» дейді.*<br>***Мақсаты:*** *жанашырлық пен қамқорлық сезімін дамыту.* | *еңбектің қуанышын көрсету, еңбекке еліктету.* | *Басқалары затты атайды.*<br>***Мақсаты:*** *ойлау, есте сақтау, жанасу арқылы тануды дамыту.* | *ертегіден келдім?» – балалар әртүрлі ертегіні атайды.*<br>***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлерін ажырата білу, есте сақтауды дамыту.* | ***Мақсаты:*** *қиялды, шығармашылықты дамыту, өзін еркін көрсетуге үйрету.* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | ***SMART BALA жобасы - балалардың ой-өрісі, логикалық ойлауы, ғылыми түсінігі дамиды.***<br>***Шабыт жобасы - Балалар қиялын дамыту.***<br>***Балалар кітапханасы жобасы - сұрақ-жауап пен тақпақ айту – тіл дамытуға бағытталған.*** | | | | |
| | ***Дид ойын: «Ненің даусы?»*** *(бейне таспадан машиналардың гүрілдеген дауыстары естіледі)*<br>*-Балалар бұл ненің дауысы?*<br>*Дұрыс айтасыңдар бұл машинаның дауысы бұл машинамен келген кім екен бәріміз есік жаққа қарайықшы.*<br>***Тосын сәт.***<br>*- Балалар, бізге қонаққа қонжық келіп тұр.Ол бізден көмек сұрап келіпті.*<br>*-Кәне қонжықпен амандасайық.* | ***Психологиялық жаттығу. «Бір-біріңе күлімдеңдер»***<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>*Кеше мен кішкентай тышқанды кездестірдім ол маған* ***көлік*** *дегенді білмейтінін айтты . Кішкентай тышқан енді бізге қонаққа келеді, оған сендермен бірге* ***көліктің не екенін білуге көмектесейік*** *. Сендер кішкентай тышқанға көмектесуге дайынсыңдар ма?*<br>*Балалар : Иә, әрине!*<br>***Тосын сәт.*** | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Үнтаспадан поезд дыбысын тыңдату.***<br>***Ой қозғау.***<br>*Бұл ненің дыбысы?*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қуыршақ Айгүл келеді.*<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Поезд туралы білгісі келетітін айтады.*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*«Поезд» туралы суреттер көрсету,түсінік беру.*<br>***Тақпақ «Поезд»***<br>***Ескен Елубаев***<br>*Вагон-вагон темірді,*<br>*Вагон-вагон көмірді,* | ***Дид ойын: «Көліктер»***<br>***Шарты:*** *Балалар көліктің суретін жинайды.*<br>***Ой дамыту.***<br>*-Көліктер қандай бөліктерден тұрады?*<br>*-Оны кім жүргізеді?*<br>*-Көлік не үшін керек?*<br>*Сиқырлы сандықта соңғы суреттер қалды, оны жинап алайық.*<br>***Дид ойын: «Бұл не?»***<br>***Шарты:*** *Балалар кеменің суретін жинайды.* | ***Психологиялық сәт.***<br>*Балалар, қазір көзімізді жұмып елестетейік, біз әртүрлі* ***көліктерді айдап келе жатырмыз*** *, көліктеріміз өзімізге ұнай ма?*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қараңдаршы бізге суретші телеграмма жіберді. Ол суреттер салған . Балалар, қараңдаршы мына суреттер дұрыс салынған ба?*<br>*Балалар: Жоқ.*<br>*Ол нені салғысы келді?*<br>*Балалар: көліктерді.*<br>*Ол не ұмытты?*<br>***Балалар:*** *дөңгелектерін.*<br>*Дұрыс. Балалар* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қонжық: Балалар маған машинаның түрлері және олардың пайдасы туралы айтып беріңдерші?<br>**Ой дамыту.**<br>**Менің сүйікті бұрышым**<br>**Суреттер көрмесі.**<br>**«Көңілді көліктер»**<br><br>Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран<br>Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық<br>Темір жол көліктері – Поезд<br>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.<br>Біз көбіне жерде жүретін көліктерге мінеміз.<br>Машина, автобус т.б | Есік қағылады, тышқан ойыншығын әкеледі.<br>**Тышқан :**<br>Сәлеметсіңдер ме балалар<br>Балалар : Сәлем, кішкентай тышқан.<br>Балалар мен көлік туралы білгім келеді.<br>Көмектесесіңдер ме?<br>Тышқанға көліктер туралы айтып, көліктерді сыйға тартайық.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Машинада қандай геометриялық пішіндер қолданылған?<br>Машина қандай бөлшектерден тұрады?<br>**Кабина, дөңгелектер, орындық, есіктер, руль.**<br>**Дид ойын: «Сыйлық машина»**<br>**Шарты:** Машинаны қызылмен бояп тышқанға беру. | Вагон-вагон бидайды<br>Тіркеп алып, зулайды!<br>Солқылдатқан даланы<br>Үні жетер алыстан.<br>**Қим ойын: «Поезд»**<br>**Ойын шарты**. Бірнің артынан бірі тұрып поезд болып жүреді.<br>**Дид ойын: «Бөлігін тап»**<br>**Шарты:** Қиылған суреттерден поездың бөлігін тауып құрастыру.<br>**Ой қозғау.**<br>Көліктер бізге не үшін керек?<br>Басқа қандай көлік түрлерін білеміз?<br>**Дид ойын: «Әр көлікті өз тұрағына орналастыр»**<br>**Шарты:** Машина-гараж, Кеме – айлақ, Поезд – депо, Ұшақ – аэрадромда тұрады.<br>Сендер де ұшаққа отырып ұшқыларың келе ме?<br>Ендеше, өзімізге ұнайтын ұшақты | Сұрақ – жауап<br>Кеме қандай көлік түріне жатады?<br>Кемені қайдан көруге болады?<br>Кеме машина жолмее жүре алама?<br>Кеме суда жүреді, оны капитан басқарады.<br>**Шығармашылық бұрыш**<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** Дайын кеме суретін бояу.<br>**2-топ:** Теңіз суретіне кеме суретін жапсыру.<br>**3- топ: Дид ойын: «Гараж»**<br>**Шарты:**<br>Текшелерден көліктерге гараж салу.<br>**Дид ойын: «Сиқырлы доп»**<br>Шарты: балалар допты бір-біріне кезекпен беріп, суретті көрсетеді, | сызбаларды аяқтауға көмектесеміз бе?<br>Қандай көліктер салғысы келді?<br>**Миға шабуыл**<br>1. Құс сияқты құс емес,<br>Жүрседе тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын,<br>Жүрседе тым биікте .<br>**(Ұшақ)**<br>2. Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі. **(Қайық)**<br>3.Жүргізуші жүргізеді,<br>Төрт аяқты батырды .<br>**(Жеңіл көлік)**<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Дид ойын: «Аяқталмаған суреттер»**<br>Дөңгелегі жоқ көлік, қанаты жоқ ұшақ, винтсіз тікұшақ.<br>Балалар жетіспейтін элементтерді толықтырады.<br>Балаларды бақылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Менің сүйікті бұрышым**<br>**Суреттер көрмесі.**<br>**«Көңілді көліктер»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті***<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Қолды белге қоямыз.*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір.*<br>*Біздер тату баламыз*<br>***Дид ойын: «Қандай көлік?»***<br>*Балалар, мен сендерге көліктің суреттерін көрсетемін , ал сендер көліктің қалай қозғалатынын көрсетесіңдер .*<br>***Шығармашылық бұрыш.***<br>***Дид ойын: «Аяқталмаған суреттер»***<br>*Дөңгелегі жоқ көлік, қанаты жоқ ұшақ, винтсіз тікұшақ.*<br>*Балалар жетіспейтін элементтерді толықтырады.*<br>***Балаларды бақылау. Мадақтау.***<br><br>***Музыка*** | <br>***2. Автобус. Сұрақ-жауап***<br>*Автобус бөліктерін ата.*<br>*Автобус не үшін керек?*<br>*Автобустың түсі қандай?*<br>***Дид ойын: «Бөлігін тап»***<br>***Шарты:*** *Автобустың жетіспеген бөлігін тауып жапсыру.*<br><br><br>***3. Ұшақ***<br>*Аспанда жүзеді,*<br>*Қанатын қақпайды.*<br>*Жерде де жүреді,*<br>*Бауырлап жатпайды.*<br><br>***Дид ойын: «Не жетіспейді?»*** | *жасап көрелік.*<br>***Дид ойын: «Суретте не жетіспей тұр?»***<br>*Шарты: Ұшақты бөліктерін құрастырып, жапсыру.*<br>***Дид ойын: « Ұшады - ұшпайды»***<br>***Міндеті:*** *зейінді дамыту.*<br>*Балалар, мен суреттерді көрсетемін, егер әуе* ***көлігі болса*** *– қанаттарыңды қолмен көрсету керек ,қолды екі жаққа созу.*<br>*Тікұшақ болса – балалар қолдарын екі жаққа созады.*<br>*Автобус болса аяқтарыңды топылдату.*<br>*Жарайсыңдар!*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>**Ұ.О: «Сақина жасыру» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** | *бала допты қағып алады және бұл көліктің қалай қозғалатынын айту.*<br>*Түлкі бізден көлік пен кеменің айырмашылығы неде деп сұрайды.*<br>*Балалар: кемелер жүзеді, ал көлік жол бойымен жүреді.*<br>*Бұл автобус.*<br>*Автобус жол бойымен келе жатыр.*<br>*Бұл ұшақ. Аспанда ұшақ ұшады.*<br>*Бұл қайық, суда қайық жүзеді.*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Амандасу***<br>***Маймыл ойыншықпен таныстыру.***<br>*Кішкентай маймылдарды бейнелеуді ұсынады.*<br>*Бір-екі-үш, бұрылдық,*<br>*Маймылға біз* | *Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:*<br>*Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ, зымыран*<br>*Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық*<br>*Темір жол көліктері – Поезд*<br>*Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.*<br>*Біз көбіне жерде жүретін көліктерге мінеміз.*<br>*Машина, автобус т.б*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>**Ұ.О: «Орамал тастамақ» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Пән жетекшісінің жоспары бойынша*<br>**Ұ.О: «Ханталапай» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** | ***Шарты:*** *Ұшақ қанатын мүсіндеп қосу.*<br><br>*Ұшақ қайда жүреді? Ұшақта неше қанат бар?*<br>*Жарайсыңдар!*<br>***Дид ойын: «Ненің даусы?»***<br>***Шарты:*** *Берілген көліктердің дауысын айыра білу. (Автомобиль, пойыз, тікұшақ, пароход, ұшақ, трактор)*<br>*Тышқанының үйге кететін уақыты келді. Бүгін тышқанды немен таныстырдық?*<br>*Балалар :* ***Көлік*** *.*<br>*Тышқан, бәрі есіңде ме?*<br>*Тышқан : Иә, мен көп қызықты нәрселерді білдім*<br>*Балалар тышқанға сыйлыққа берген көліктеріне гараж құрастырып берейік.* | | *айналдық.*<br>*Күнге қолды біз созып,*<br>*Жүрдік оңға, солға да,*<br>*Отырамыз, тұрамыз,*<br>*Шаршамаймыз сонда да.*<br>*Ойын гимнастикасы: «Маймылдар»*<br>*Таң атпастан алаңда Маймылдар жүр серуендеп.*<br>*Оң аяқпен топ-топ!,*<br>*Сол аяқпен топ-топ!*<br>*Қолдарын созды жоғары, Қане кім биікке?*<br>*Негізгі бөлім*<br>*Жалпы даму жаттығулары.*<br>***Б.қ.: «Көбелек қонды»***<br>**1.** *Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды»* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Дид ойын:***<br>***«Гараж»***<br>***Шарты:*** *Текшелерден көліктерге гараж салу.*<br>*Мен барлық достарыма айтамын, рахмет балалар, сау бол!*<br>*Балалар : Сау бол, кішкентай тышқан!*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлім.***<br>***Амандасу***<br>***Қызығушылықты ояту***<br>*Күнге көңіл аудартады: «Бізге бүгін шұғыласын төгіп, күн қонаққа келді»*<br>*Таспамен жүру және жүгіру – қолында күннің сәулесі. Балалар белгі бойынша бағыттарын өзгертеді. Таспаны қолға ұстап жүру және жүгіру. Берілген белгі бойынша балалар бағыттарын* | | *деп айту. /6 рет қайталау/*<br>***Б. қ.: «Жыланның қозғалысы»***<br>***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру. /5 рет қайталау/*<br>***Б.қ.: «Қайшы»***<br>***3.****Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау./5 рет қайталау./*<br>***Б. қ.: «Жұлдызша»***<br>***4.*** *Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /5 рет қай/*<br>*Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *өзгертеді.*<br>*Неггізгі бөлім*<br>*Таспамен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары:*<br>***1.Б.қ*** *: түрегеп тұрады, таспаның бір ұшын қолымен ұстап тұрады.*<br>*Таспаны алға және артқа сермейді. Бірнеше рет қайталағаннан кейін, (4–6) таспаны екінші қолға ауыстырып жаттығуды қайталайды.*<br>***2.Б.қ****: аяқтарын бірге қосып отырады, таспаның екі ұшынан екі қолымен ұстайды. Алға қарай еңкейеді. Таспаны аяқтарының ұшына қояды, түзеледі, қолды жоғары көтеріп оған қарайды. Тәрбиешінің нұсқауымен алға қарай еңкейеді, таспаны алады. (3-4рет)*<br>***3.Б.қ*** *: шалқасынан жатады, таспаны* | | *жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.*<br>*Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:*<br>***Жіпті (таспаны) ұстап шеңбер бойымен жүгіру.***<br>*«Әткеншек» ойыны – музыка ырғағымен бір қарқында қозғалу.*<br>***Орнында тұрып ұзындыққа секіру*** *(30 см қашықтыққа)*<br>***Ойын жаттығуы.***<br>*Ені 30 см матадан өзенді бейнелейді, маймылдарға одан секіріп өтуді ұсынады.*<br>*Қалай секіруге болатынын түсіндіріп, секіріп көрсетеді. Екі аяқпен бір мезетте* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *алға қарай созылған қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқты бір мезетте таспаға дейін көтеріп, сосын қайта түсіреді. Аяқты созып та, бүгіп те көтеруге болады. (3-4рет).*<br>***3.Б.қ** : таспаны алға қарай созылған қолдарымен кеуде тұсында ұстайды. Екі аяқпен бір мезетте секіреді. (10-15 сек) Бірінің соңынан бірі баяу жүру. Таспаны өз орнына апарып қою. Негізгі қимыл түрлері:*<br>***1.Көлбеу тақтайшамен жоғарыға, төменге қарай жүру.***<br>*Тепе-теңдікті сақтауға назар аударады. Қажет кезінде сақтық шарасын көрсетеді.*<br>***2.Допты жоғарыға және тор немесе керілген таспа арқылы алға қарай*** | | *итерілу керек екеніне назар аудартады.*<br>***Қимыл-қозғалыс ойыны:«Тиіп кетпе!»***<br>*Жіптер арқылы алаң шегарасын белгілейді (5метр) – еңбектеуді топ болып орындайды.*<br>**Ұ.О: «Арқан тартыс» «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
